

**Ұйғыр ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшерін және тәртібін айқындау туралы**

### **Күшін жойған**

Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қазандығы № 38-З шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 12 қарашада № 2915 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2017 жылғы 7 маусымдағы № 6-15-97 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 07.06.2017 № 6-15-97 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О е ск е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 4) тармақшасына және "Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Ұйғыр аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың (бұдан әрі - кемтар балалар) ата-аналарының және өзге де занды өкілдерінің жеке оқыту жоспары бойынша Ұйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) тоқсан сайын сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалсын.

2. Келесі тәртіп айқындалсын:

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алушы "Ұйғыр ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүргізеді;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу кемтар балалардың ата-аналарына және өзге де занды өкілдеріне (бұдан әрі - алушы) беріледі;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы келесі құжаттарды:

өтінішті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген "Ұйде оқытын мүгедек балаларға материалдық

қамсыздандыруды тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 1-қосымшасына сәйкес;

алушының жеке басын куәландыратын құжатты;

тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;

психологиялық – медициналық – педагогикалық консультацияның қорытындысын;

мүгедектігі туралы анықтаманы;

банктегі шоттың болуы туралы құжатты;

Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес, кемтар баланың үйде оқу фактісін растайтын оқу орнының анықтамасын ұсынады;

4) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу психологиялық – медициналық – педагогикалық консультацияның қорытындысында көрсетілгендей, кемтар баланы үйде оқытуудың қажеттілігі танылған сэттен бастап бір жылға тағайындалады және көрсетілген мерзімге тоқсан сайын төленеді.

5) алғаш тағайындалған жағдайда оқытуға жұмсаған шығындары өтініш берген күннен бастап төленеді.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Халықты әлеуметтік жағынан қорғау, еңбекпен қамту, білім беру, денсаулық сақтау, сауда, мәдениет, тіл және діни мәселелер жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

сессиясының тәраймы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

A. Бейсенова

H. Есжан